

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ
«Қарасу негізгі мектебі» КММ коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Мектеп алды даярлық тобының өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

Ойыл ауданы
А көшесі-12Б

22.04.2024 ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Қарасу негізгі мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж. 01.04 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 01.04 № 9 н/қ бұйрығының негізінде 01-22.04 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 01.04 № 9 -н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	<u>Аманғалиева Лаззат</u> <u>Жумағалиевна</u>	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Смайлова Іңкәр Серікқызы	Оқу ісі жөніндегі орынбасары, География пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Дуйсегалиева Азима Толеубаевна	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, технология пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Калиева Факизат Жанабаевна	Мектеп психологы, комиссия мүшесі
5	Сундетова Алтынгүл Жолдығалиевна	Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
<p>Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)</p> <p>«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Қарасу негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030906 , Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қарасу ауылы , Алашорда көшесі үй №2,</p>
<p>Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</p> <p>Телефон: 8(71332) 73-4-89 Электронды пошта: karasunmektebi@mail.kz; сайты karasu.uil-roo.edu.kz</p>
<p>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)</p> <p>Амангалиева Лаззат Жумагалиевна , «Ойыл ауданының білім бөлімі»ММ-нің 2021 жылғы 16 наурыз №146 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған. ұялы телефоны: 87055376074</p>
<p>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар</p> <p>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 08 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 18.02.1999 жыл, БСН-970540001928</p> <p>Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ойыл ауданының әкімдігі 30 желтоқсан №490,2020 жылғы қаулысымен бекітілген</p>
<p>Рұқсат етуші құжаттар</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 28.05.2024 жылы №KZ 30RVK00057759 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 09.06.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ26LAA00031258 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген</p>
2.Кадрлық құрамға талдау
<p>“Қарасу негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында оқу жылында 1 мектеп алды даярлық сыныбы жұмыс жасаған. 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылында 1 педагог Садирбаева Айгул Максотовна жұмыс атқарады.</p> <p>Мектепалды даярлық сыныбына беретін педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметіне сай келеді. Мектепалды даярлық сыныбында жұмыс жасайтын педагогтің өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курсынан өтті. Педагогтардың сапалық құрамы 100 % 2022 жылдың 01 қыркүйегінен бастап, Садирбаева Айгул Максотовнаның өзінде бар екінші санатты біліктілігі тоқтатылды.</p>

№	Мұғалімнің аты - жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Садирбаева Айгул Максотовна	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	40	Санаты жоқ	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын менгеру» - 80 сағат

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің, тәсілдердің, құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі нақты сақталынған.

Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады, шағын жинақты мектеп болғандықтан 1 топ жинақталған.

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған. Мектеп алды даярлық сыныбы мұғалімі і Садирбаева Айгул Максотовна 2022 жылы «Баланы ерте дамыту бағдарлары» тақырыбында Педагогикалық шеберлік орталығынан 170 сағаттық курстан өткен.

№	Мұғалімнің аты - жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Садирбаева Айгул Максотовна	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	40	Санаты жоқ	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын менгеру» - 80 сағат

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер

2021-2022 оқу жылында МАД тәрбиеленушілері «Үркер» Халықаралық марафонына қатысып, Аманжол Нұрым, Жазылбек ұлы Нұрым, Қуатбекұлы Дамир 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында аудандық «Анам, әжем және мен» байқауынан Аманжол Назлы 3-орын Мектепшілік «Атамның ақ батасы» атты баталар жарысы Талғат Альберт 1-орынмен марапатталды. Ерланқызы Зәружан Халықаралық «Балапан бояулар әлемі» байқауынан 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Аудандық «Біз ерлікті қырлаймыз» байқауынан Бектасұлы Берік 3 орынмен марапатталды.

Аудандық «Мисс бүлдіршін» байқауынан 3 орынмен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында халықаралық «Пони Палитра» байқауынан Жаңабаева Асылназ 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Аудандық «Анам, әжем және мен» байқауы Тарас Айдай 3 орынмен марапатталды.

Республикалық «Қыс ғажайыптары» байқауында Нұртай Расул 1-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ата-аналар (занды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымша “Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты” негізінде жасалатын шартпен реттеледі.

Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған.

Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектептің ресми сайтында - karasu.uil-roo.edu.kz орналастырылған.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталады.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепте 2021-2022 оқу жылдары аралығында 1 мектеп алды даярлық сыныбы жасақталған. Онда 6 бала тәрбиеленген. 2022-2023 оқу жылдары 1 мектеп алды даярлық сыныптары жасақталған. Онда 5 бала тәрбиеленген. 2023-2024 оқу жылында 1 сынып жасақталып, 4 бала тәрбиеленді. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектеп алды даярлық сыныптарына тәрбиеленушілер жинақталды. Мектептің тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында бейнематериалдары бойынша мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының б) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 1 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде

«Қарасу негізгі мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында жихаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жихаздар, ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 22 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны - 10, Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезені бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).

Мектепте штаттық кесте бойынша бір кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапханашы Ерсарина Света Жасанқызы, білімі: жоғары. Батыс Қазақстан университетінде Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Библиография» мамандығы бойынша 2007 жылы бітірген. Еңбек өтілі-33 жыл

33 жыл –кітапханашы. Ерсарина Света Жасанқызы «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Білім беру ұйымдары ақпараттық –білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі» тақырыбы бойынша курстан өткен 25.10 -05.11.2021 (80 сағат) тіркеу №0436592

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-5456; Оның ішінде: Оқулық-1614; Әдістемелік, электрон оқулық, МАД жұмыс дәптері -391; Көркем әдебиет, брошюра, журнал-2764. Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-687; Шағын дамыту орталығында әдістемелік брошюралар саны -120.

Негізгі қор-5456 дана

Қазақ тілінде- 3932 - 72% ; Орыс тілінде- - 1227 , 22 %; Ағылшын тілінде- 297, - 0,05%

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы - 22 шаршы метр;

Оқулықтар қоймасы- 12 ш/м

Коворкинг орталығы, буккроссинг алаңы, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған

Кітапхананың техникалық жабдықтауы:

Компьютер-1

Оның ішінде:

Оқырманға- 1 компьютер

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернетке қосылған

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2019 ж «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» 1 Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін сертификат.

2020ж Аудандық кәсіподақ комитетінен Алғыс хат, 2022 жылы. «Ұлттық құндылық тәрбие көзі» аудандық семинар Алғыс хат

2023 ж. Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат, 2024 ж аудандық кітапханашылар семинарында Алғыс хат

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 11-12 сәуір аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2023-2024 оқу жылында мамыр айының 11-12 күндері мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы тәрбиеленушінің 4- ата –анасы қатысты .100% ата – ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Сабақ беретін тәрбиешілердің 2 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, **89,5%** сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	келісемін/ иә	келіспеймін/ жоқ	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	4	0	0	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	3	1	0	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	2	2	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	4	0	0	0
05	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	4	0	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	4	0	0	0
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	4	0	0	0
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	4	0	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	3	1	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	3	1	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	3	1	0	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	2	2	0	0
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі	3	1	0	0

ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				
Барлығы:	70,9%	17,4%	10,6%	1,1%

МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ананы саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	4	82,7%	17,3%	0%	0%
100%-5 балл					

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	0	2	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	0	2	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	0	2	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	0	2	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	0	2	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	2	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	2	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	0	2	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	0	2	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	0	2	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0	2	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0	2	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	1	1	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	0	2	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	0	2	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	0	2	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	0	2	0	0

18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	2	0
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	0	2	0
Барлығы:		7,9%	81,6%	10,5%	0%

МАД педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы


№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	2	7,9%	81,6%	10,5%	0%
89,5%-5 балл					

Комиссия төрағасы:


(қолы)

Аманғалиева Лаззат Жумағалиевна
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:


(қолы)

Смайлова Інкәр Серікқызы
(толық аты-жөні)


(қолы)

Дуйсегалиева Азима Төлеубаевна
Калиева Факизат Жанабаевна
(толық аты-жөні)


(қолы)

Сундетова Алтынгүл Жолдығалиевна
(толық аты-жөні)